

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Қауіпке қарсы қалқан

Биыл облыста төтенше жағдайлардың алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құтқару қызметтерінің инфрақұрылымын жаңарту бағытындағы жұмыстар айтарлықтай нәтижесін көрсетті. Аймақта 2025 жылдың 11 айында 931 төтенше жағдай тіркелсе де, қайғылы оқиғалардың көрсеткіші төмендеген. Зардап шеккендер саны – 12%, қаза тапқандар саны – 27% азайды. Бұл – профилактикалық шаралардың күшеюі, құтқару бөлімшелерінің дайындығының артуы және халықпен ақпараттық жұмыстың сапалы жүргізілуінің нәтижесі.

Орталық коммуникациялар алаңында өткен брифингте облыстық ТЖД бастығының орынбасары Думан Далешов қауіпсіздік мәдениетінің өсуі ең басты жетістік екенін атап өтті. Спикердің айтуынша, оңір бүгінде табиғи және техногендік қатерлерге толық дайындықпен қарсы алуға қауқарлы.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдын алу – қауіпті азайтудың басты тетігі

Думан Қайратұлы облыста төтенше жағдайлардың азаюын жүйелі жұмыстың оң әсері екендігін де баса айтты.

– Мақсат – статистиканы әдемі көрсету емес, ең бастысы – әр адамның өмірін сақтау. Биылғы көрсеткіштердің жақсаруы – халықпен жүргізілген түсіндіру жұмыстарының жемісі. Атап айтсақ, 46 мың ауланы аралап, тұрғындармен 65 мыңнан астам нұсқама өткіздік. Бұл – мыңдаған адамның қауіпсіздік ережелерімен танысып, оны тұрмыста қолдана бастағанын білдіреді, – деді ол.

Сонымен қатар, шомылу маусымында қауіпсіздікті қамтамасыз ету

үшін облыста 106 ресми шомылу орны анықталған. Ал, тыйым салынған жерлерге 246 ескерту белгісі орнатылып, патрульдеу жұмыстары күшейтіліпті.

Айта кетерлігі, қысқы кезең басталысымен су айдындарында қауіпсіздік мәселесі өзекті бола түсеті. Бірінші қарашадан бері құтқарушылар 45 рет патрульдеу жүргізіп, 1 000-нан астам жадынама таратқан.

– Қыс кезінде мұз қалың болып көрінгенімен, «қауіп мүлде жоқ» деген сөз емес. Азаматтарымызды, әсіресе, балаларды бақылаусыз жібермеуге шақырамын. Бұл – ең көп кездесетін қауіптің бірі, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Облыста азаматтық қорғау қызметтері толық дайындыққа келдіріліп, 5 мыңнан астам жеке құрам мен 1 700 техника сақадай сай тұр.

Жаңа жыл қарсаңында да қауіпсіздік шаралары назарда тұр.



үлгісіздік шаралары назарда тұр. 1-8 желтоқсан аралығында газ баллондарына қатысты республикалық акция өткізіліп жатыр.

– Су тасқыны кезеңіне дайындық та жоспарлы түрде жүргізілуде. Жоспарланған 138 іс-шараның 115-і аяқталып, 22-сі орындалу үстінде. Қазірдің өзінде 22 шақырым қорғаныс білігі, 16 шақырым канал, 3,5 шақырым өзен жағалауы нығайтылып, 25 шақырым өзен арнасына санация жасалды. 54 жол учаскесінде өткізу қабілеті күшейтілді. Су тасқынына дайындық жұмыстары – жыл бойы жүргізілетін үдеріс. Себебі, бір ауылды қорғау – жүздеген отбасының қауіпсіздігі, – деп толықтырды Думан Далешов.

Инфрақұрылым жаңарып, мүмкіндік артады

Ресми дерекке сүйенсек, ТЖД департаменті бөлімшелері биыл 1

184 адамды құтқарып, 1 004 адамды эвакуациялаған. Думан Қайратұлы мұны қызметкерлердің кәсіби дайындық деңгейінің және техникалық қамтылуының жақсарғанымен байланыстырды.

Нақтырақ айтсақ, Теміртаудағы бұрынғы өрт сөндіру бөлімінің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, Қарқаралыда әмбебап құтқару бөлімшесі құрылып, жаңа ангар орнатылды. Сонымен бірге, биыл құтқарушыларға 25 жаңа техника беріліп, арнайы құрылғылар мен жабдықтар сатып алынған. Балқаш қаласында жедел шығуға арналған 4 жаңа өрт депосының құрылысы жүріп жатыр. Жұмыстар 2027 жылы аяқталады.

Шалғай ауылдар да назардан тыс емес. «Ауыл құтқарушысы» бағдарламасы аясында биыл Нұра, Осакаров, Ақтоғай, Шет және Бұқар жырау аудандарында 7 жаңа бекет ашылды. Жыл соңына дейін Осакаров ауданында тағы 2 бекеттің ашылуы жоспарлануда.

Осылайша, кеншілер өлкесі төтенше жағдайлармен күресте кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Профилактика, инфрақұрылымдық жаңғырту, халықты оқыту және қызметтердің дайындық деңгейін көтеру – аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тірегі.

– Әр адамның өмірі біз үшін қымбат. Қызметіміздің мәні де сол – адам өмірін сақтау. Оған бар күшімізді жұмсаймыз. Қауіпсіздік – тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін ұмытпайық, – деп қорытындылады Думан Қайратұлы.

Ең бастысы, өңірде қауіпсіз әрі тұрақты өмір сүру үшін барлық жағдай жасалып жатыр.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жастар неге жаза басады?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, Теміртауда көрсеткіш 31-ден 35-ке дейін (13%), Балқашта 9-дан 13-ке дейін (44,4%), Абай ауданында 8-ден 12-ге дейін (50%) өскен, ал, Ақтоғай ауданында бұл сан 1-ден 4-ке дейін үш есеге артқан. Осы көрсеткіштің өзінен-ақ түйткілдің түйіні тек қала көлемінде емес, аймақтық өзге де өңірлерінде тарқатылмағанын аңғарамыз.

Жеткіншектің қылмысқа баруына әсер ететін тағы бір үлкен фактор – оның ортасы. Бозбала шақ – иіліп тұрған шыбық секілді сезімтал кезең. Қай жақтан жала соқса, солай иіледі. Егер бала дұрыс ортамен араласпаса, теріс бағыттағы шырмауыққа іліну қаупі жоғары.

Жасөспірімдер қылмысына тосқауыл қою – барша қоғамның ортақ жауапкершілігі. «Қылмыстың алдын алу үшін не істеу керек?» деген сауалдың төңірегінде Қазтұғынұодағы Қарағанды университетінің психолог маманы Жанар Ерқанатқызымен пікір алмастық. Маманның айтуынша, мәселені шешу үшін үш бағыт қатар жұмыс істеуі тиіс.

Біріншіден, отбасындағы тәрбие жүйесін күшейту қажет. Ата-ана баласына сыйдыр сөзбен ғана емес, нақты әрекетпен үлгі бола білуі тиіс. Үйдегі қарым-қатынас, сенім мен қолдау – баланың мінез-құлқы мен шешім қабылдауына тікелей әсер етеді. Тәрбиенің алғашқы қадамы – ата-ананың баласының ішкі дүниесіне үйілуі.

Екіншіден, мектептің психологиялық қызметін жандандыру маңызды. Әсіресе, ерекше топтағы балаларға жеке бағдарлама әзірлеп, олардың жан дүниесін түсіну, эмоционалдық қолдау көрсету, әлеуметтендіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу тиіс. Мектеп – жасөспірім үшін қауіпсіз орта болуы керек.

Үшіншіден, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – қылмыстың алдын алудың ең нәтижелі тетіктерінің бірі. Спорт секциялары, шығармашылық үйірмелер, өнер мектебі, волонтерлік ұйымдары – жасөспірімнің энергиясын дұрыс бағытқа бұрып, өз қабілетін ашуына мүмкіндік береді. Бос уақыт дұрыс ұйымдастырылғанда бала – қауіп аймағындағы бала.

– Бүгінгі жасөспірімнің ең үлкен проблемаларының бірі – жалғыздық сезімі. Сондықтан да, балаға ақыл айтудан бұрын, онымен сөйлесе білуіміз керек. Балалар мен жастарға арналған түрлі психологиялық қолдау тренингтер өткізіп келеміз. Әсіресе, өзін-өзі тану, эмоцияны басқару, жанжалдан шығу жолдарын үйрететін сабақтар жақсы нәтиже көрсетуде. Жасөспіріммен өз тілінде сөйлесіп, оның сезіміне құлақ асу – қылмыстың алдын алудың ең тиімді жолының бірі, – дейді маман.

Психологтың айтуынша, өңірде жастарға арналған бірқатар шаралар іске асырылған. Мектеп оқушылары арасында мотивациялық кездесулер, буллингтің алдын алу тренингтері, студенттік клубтармен бірлескен психологиялық марафондар, т.б. Оның барлығы жасөспірімнің қоғамнан өз орнын табуына, ішкі күйзелістерін жеңуіне, дұрыс бағыт қалыптастыруға көмектеседі.

Уақыт озған сайын тәрбие тәсілдері күрделеніп, бала психологиясы да күрт өзгергені жасырын емес. Бүгінгі өскентағы балаларға жеке бағдарлама әзірлеп, олардың жан дүниесін түсіну, эмоционалдық қолдау көрсету, әлеуметтендіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу тиіс. Мектеп – жасөспірім үшін қауіпсіз орта болуы керек.

• ИНКЛЮЗИЯ

Достық пен жігердің сайысы

Өңірде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бағытындағы игі істер жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары инклюзивті спорттың қарқынды дамуы – осы еңбектің нақты нәтижесі. Соның бір дәлелі, күні кеше қарағандылық «НОДА» футбол командасы өз алаңында елордалық «Astana UNI» ұжымын қабылдап, инклюзивті жолдастық кездесу өткізді. Оған Қазақстан футбол федерациясының өкілі, «UNI Football League» лигасының басшысы Шыңғыс Темерханов арнайы келіп, ықыласын білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, елімізде тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар арасында футболды дамыту мақсатында 2019 жылдан бері арнайы әлеуметтік жоба жүзеге асырылып келеді. Бұл бастама – ерекше қажеттіліктері бар балаларды бұқаралық спортқа жүйелі түрде тартуға бағытталған алғашқы ұзақмерзімді жобалардың бірі. Осы мақсатқа сай жыл сайын түрлі деңгейдегі жолдастық кездесулер ұйымдастырылып, ерекше балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып келеді. Биыл да аталған жоба жалғасын тауып, Қарағандыда жүзеге асырылуда.

– Біз үшін бұл матчтың маңызы ерекше. Бұл – шынайы инклюзияны көрсететін әрі маңызды әлеуметтік жоба. Кездесуді ұйымдастырып, инклюзивті футболды қолдағаны үшін Қазақстан футбол федерациясына және «Шахтёр» футбол клубына алғысымды білдіремін. UNI Football League жобасы екі жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт ішінде еліміздің әр өңірінде тоғыз секция аштық. Біздің мақсат – әр баланың футбол қауымдастығының бір бөлігі болуына мүмкіндік жасау, – деді Шыңғыс Темерханов.

Қарағандылық «НОДА» клубының сапында тірек-қимыл аппараты бұзылған және ДЦП диагнозы бар балалар доп тепті. Ал, елордалықтардың командасы даун синдромы, аутизм және өзге де ерекше қажеттіліктері бар балалардан жасақталған.

– Бұл жолдастық кездесу, ең алдымен, балалардың жасыл алаңда өздерін еркін сезініп, бой-



ындағы сенімді оятуға мүмкіндік береді. Ерекше балалармен жұмыс істеу – тек жаттықтыру үрдісі емес. Ол уақытты, табандылықты, сенімді және шексіз қолдауды талап ететін үлкен іс. Нағыз өзгеріс жаттықтырушы, бала және ата-ана бір бағытқа жұмылып, бір командаға айналған сәтте ғана туады. Бір кездері көпшілік олардың даму қарқынына күмәнмен қарап, мүмкіндіктерін шектеп келген еді. Бірақ, бұл балалар өз еңбегімен, табандылығымен күмәннің бәрін сейіттіп, керісінше, биік белестерге жете алатынын дәлелдеп шықты. Демек, біз басталған

жолымыздан жаңылмай, дұрыс бағытта ілгерілеп келеміз», – деді «Astana UNI» командасының жаттықтырушысы Пётр Марченко.

Жолдастық кездесу болғанына қарамастан, ойын ерекше тартысты өтті. Ойыншылар матчтан зор әсер алып, өз эмоциялармен бөлісті. Әр қатысушы жеңіс үшін бар күш-жігерін салып, футболға деген ынта мен шеберлігінің жоғары екенін көрсетті. Қос команда арасындағы жолдастық кездесу 7:4 есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді.

Сурет QOFA

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 22 желтоқсанның бастап «Нұрсаған байыту фабрикасының №7 жылытылмайтын конвейерлік галереясын күрделі жөндеу»

жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. БҚПал ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтау к.

Учаскенің географиялық координаталары:

№	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	град	мин	сек	град	мин	сек
1	46	50	9,85	74	56	35,34
2	46	50	9,48	74	56	35
3	46	50	8,87	74	56	37,03
4	46	50	9,22	74	56	37,31

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Баймұхан А.К., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекшісі маманы, тел.8(7212)95 74 01, эл.мекен-жайы: Akhzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін олар

ды орналастырған күннен бастап <https://ndbecology.gov.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лободы көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және : 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Қазақмыс» уәдделендіріп, БИН 050140000656. Представитель: Баймұхан А.К., ведущий специалист ТОО «Корпорация Қазақмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Akhzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Географические координаты участка:

№	Северная широта			Восточная долгота		
	град	мин	сек	град	мин	сек
1	46	50	9,85	74	56	35,34
2	46	50	9,48	74	56	35
3	46	50	8,87	74	56	37,03
4	46	50	9,22	74	56	37,31

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Қазақмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в

течение 5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>. Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганда, ул.Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

д